

ӘОЖ 317

**БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ГУМАНИСТИК ЦЕНТРАЦИЯСЫН  
ДАМЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

**Таласбек Даны**

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҮУ-нің «5B012300- әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану»

мамандығының 1 курс студенті

[talasbek.d@mail.ru](mailto:talasbek.d@mail.ru)

**Ғылыми жетекшісі – Шолпанқұлова Г.К.**  
әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану кафедрасының профессор м.а.  
Нұр-Султан, Қазақстан

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына жолдаудында: Білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікті, сынни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аударылуда, халық сауаттылығын қалыптастыру үшін білімді, жоғарғы дәрежедегі ұстаздардың болуы шарт екенін атап көрсетті [1].

Осындай міндеттерді жүзеге асыру еліміздің болашағы үшін білімді мамандар даярлау мәселесінің өзектілігін арттыра түседі.

Болашақ мамандарды даярлау үрдісінің мазмұнында олардың бәсекеге қабілеттілігін дамытуына, қоғамды игі өзгерістермен дамытуға үлес қоса алатын жас үрпақты тәрбиелеуіне қажетті тұлғалық, кәсіби сапаларды дамытудың қажеттілігі айқындалуда. Соның ішінде, болашақ әлеуметтік педагогтың гуманистік центрациясын дамыту маңызды орын алады.

Біздің ойымызша, жалпы ұстаз үшін жай ғана білімді болып қою жеткіліксіз, ұстаз өз білімін гуманистік көзқараспен ұштастыра білуі керек.

Гуманистік центрация мәселесін зерттеудің әдіснамалық негізі К.М.Левитан, А.Б.Орлов, Д.А.Белухина еңбектерінде қарастырылып, педагогикалық центрацияның түрлері бөліп көрсетіледі және оларға сипаттама беріледі.

Гуманистік философияда Н.А.Бердяев, Э.Фромм, т.б. ғалымдар «центрация» ұғымын тұлғаға қатысты қолданады, сонымен бірге оның мәнін субъектілік арқылы мәні ашып көрсетеді.

Н.А.Бердяев тұлғаның рухани еркіндігін зерттей отырып, «әрбір адамзат тұлғасы бірегей, қайталанбас, ерекше, рухани шынайылық, ал гуманизм өзінің мағынасы жағынан адамның ғибадатын көрсетеді [2, с.108].

Э.Фромм этикалық мағынада адамды құндылық ретінде зерттей отырып, «Егер адам жанындағы адамдардың мұддесін ойлап, оларды жақсы көре білсе, онда өзін де солай ойлай алады. Алайда тек айналасындағы адамдарды ойлап, өзін жақсы көре алмаса, демек ол мұлдем ешкімді жақсы көре алмайды», - деп тұжырымдайды [3, с. 106-107].

Психологияда «центрация» ұғымы грекше «*kentron*» – жинағы, түйіні деген мағынаны білдіреді, оны Ж.Пиаже, В.Келер, т.б. ғалымдар қолданады.

Ж.Пиаже «центрация» ұғымын өзінің генетикалық теориясында екі мағынанда қолданады: 1) ойлау үрдісіндегі «эгоцентризм» қасиеті объективті бақылаушы ұстанымына өтудегі қызындықтың сипаты; 2) қабылданатын объективті сезім мүшелері фиксациясымен қабылдау үрдісінің сипаттамасы. Сондықтан Ж.Пиаженің пікірінше, мағыналы бұрмалану тетіктерін жоюда децентрация үрдісі қатысады [4].

Гуманистік психология өкілдері (А.Маслоу, К.Роджерс, Д.Дьюи, т.б.) центрацияны эмпатияға, басқа адамды қабылдауга негізделген оқушы мен мұғалімнің қарапайым өзара әрекеттесуін құрудың ерекше үлгі деп түсіндіреді. Сондықтан центрация мұғалім мен оқушының тұлғалық өсуінің, олардың қарым-қатынасы мен шығармашылығын дамытудың нәтижесі деп анықталады.

Демек гуманистік центрациясы дамыған оқытушы барлық оқушыларға қамқорлықпен, ықыластырылған қарауымен ажыратылады. Оқушылардың бірегейлігі оның «Мен» ретінде қарастырылады.

Ал енді педагогтың гуманистік центрация ұғымына тоқталсақ, бұл- мұғалім мен оқушы қарым-қатынасының, шығармашылықтағы прогресінің айқын көрінісі болып табылады.

Жалпы ғылыми зерттеулерге жасалған талдау, педагогикалық жүйеде педагог центрациясында оған қатысушылардың немесе пәннің, атап айтқанда, өз қызығушылығына; әкімшілік қызығушылығына; ата-ана қызығушылығына; әріптестер қызығушылығына, оқу пәніне қызығушылығына, оқушылардың қызығушылығына басымдылық рөл беруіне қарай

мұғалім центрациясының алты типтері ажыратылатынын ерекше атап көрсетуге мүмкіндік береді.

А.В.Орлов центрацияны мұғалім іс-әрекетінің сипаттамасы ретінде қарастырып, оның келесідей түрлерін бөліп көрсетеді: өзімшілдік (өз менінің мұддесіндегі центрация); бюрократтық (әкімшіліктің, бастығының қызығушылындағы центрация); қақтығыстық (жанындағы әріптерінің мұддесіндегі центрация); беделдік (оқушылардың ата-аналырының сұраныстарының мұддесіндегі центрация); танымдық (оқыту мен тәрбиелеу жұмыстарының талаптары бойынша центрация); қамқорлық (оқушы қызығушылығына байланысты центрация); гуманистік (өз мұддесінің де, басқалардың да мұддесіндегі центрация). Автордың пікірінше, центрацияның алғашқы алтауына бірдей қарсы тұра алатыны жетінші центрация. Гуманистік центрациясы дамыған ұстаз өзіне деген, айналасына деген жарқын қарым-қатынаспен сипатталады [5].

Д.А.Белухиннің пікірі бойынша гуманистік центрация тұлғаның өзіне деген, сонымен қатар айналасындағыларға деген жақсы қарым-қатынаспен сипатталады. Бұның ішінде екі тұлғалық бағытқа бөлініп қарастырылады. Біріншісінде альтруистік бағытқа акцент қойылып, негізгі рөлді қоғамның ой-пікірі ойнайды. Екіншісінде индивидуальдық қөзқарасқа акцент қойылып, негізгі рөлді тұлғаның өзіндік ой-пікірі шешеді. Дегенмен, бұл ол үшін қоғам мүшелерінің ойы көк тыын деген емес. Себебі, ол олардың пікірімен санасады, бірақ өзінкін бір саты жоғары қояды. Д.А.Белухин 3 түрлі центрацияға анықтама береді:

1. «Я-центрология», мұғалім өз менінің қалауымен жүреді.
2. «Д-центрология», педагог кәсіби қөзқарасын алға тартады.
3. «Р-центрология», педагог назарында алдымен баланың қажеттіліктері мен қызығушылықты, мүмкіншіліктері болады. [6].

Ал К.М.Левитан «Деонтологиялық педагогика негіздері» атты еңбегінде центрацияны 6 түрге бөліп қарастырды:

1. Өз әріптерінің пікіріне сүйенеді .
2. Өзінің жеке пікірі бірінші орында.
3. Бала қызығушылығы бойынши жұмыс жасау.
4. Лауазымы жоғары тұлғалардың ығына қарай ойысу.
5. Ата-ананың сұранысын қанагаттандыру.
6. Танымдық, яғни түрлі әдістер арқылы жұмыс жасау.

Гуманистік центарцияны қарастырғанда, философияға, психологияға, педагогикаға үнілмей кету мүмкін емес. Осы арқылы біз адамның ішкі жан дүниесін түсіне білу құнделікті күйбен тіршіліктерінен байлық болып саналады. [7].

Гуманистік центрация осындай жеке қасиеттердің айқын бейнесі болып табылады:

1. Өзіндік қөзқарастың қалыптасуы, мен концепциясының адекватты түрде гармониямен ұштасуы, өзіне деген сенімділік, өзінің табиғи жаратылысын қабылдай білу.
2. Басқа жандарды жеке тұлға ретінде құрметтей білу, олардың құқықтарын, жеке бастарының бостандығын, өзіндік ой-пікірлерін, сенімдерін мойындағы, құрметпен қарастырып жақсы қарым-қатынас орната алу.
3. Өзге адамның бастаған жайттарына түсініктікпен қарай білу, сырласып жақсы қарым-қатынас орната алу.

Гуманистік центрацияны жүзеге асырып, орындау үшін гуманды педагог бірнеше принциптерді ұстануы тиіс. Дәл осы принциптерді өз еңбегінде Ш.А.Амонашвили атап көрсетеді: Баланың адамзатты тануы. Баланың өзін-өзі тануы. Өз даралығын көрсете білуи. Өзіндік шынайы табиғатын дамыта білуи. Оның қызығушылықтары жалпы адамзат қызығушылықтарымен сәйкес болуы. Балаға кері әсерін тигізетін ақпарат қөздерінің жабық болуы. Сонымен қатар Ш.А.Амонашвили егер педагог ең басты құндылық ретінде гуманистік центрацияны алар болса, онда оған баланы үнемі бақылап, шектеп, мәжбүрлеудің еш қажеті жоқ екенін тілге тиек етеді [8].

С.В.Пазухина осы мәселені зерттей отырып, жүргізген тәжірбиесінің нәтижесіне сүйеніп, гуманистік центрацияны қалыптастыру үшін алдымен мотивация қажет деп есептейді. Жалпы кез-келген істі бастау және оған кірісу үшін мотивация керек екені даусыз.

Сондықтан болашақ мұғалім ретінде студенттердің центрациясын анықтау үшін арнайы сұрақтар даярлап, тәжірбие жүргізеді. Оның пікірінше, жүргізген тәжірбиесінің қорытындысы бойынша студенттердің 39% ғана гуманистік центрацияға бет бұрғаны анықталды. Демек қалған 61% әлі өз ойларын дұрыс арнаға бұрмаган болып табылады [9].

Болашақ мұғалімдердің гуманистік центрациясын дамыту үшін гуманистік білім беру жүйесін қалыптастыру қажет.

«Гуманистік білім беру» ұғымы білім беру жүйесіне деген неміс қалыптастырылған жойылуы, окушыны тұлға ретінде құрметтеу, оның жеке қасиеттерінің дамуына жағдай жасау түсініктері білдіреді. Ал бұл педагогикалық іс-әрекеттегі басты мақсаттың біріне саналады.

Қоғамды гуманитарландыру XXI ғасырдағы өркениетті дамудың талабы, тәрбие, білім беру, оқу ағарту және мәдениет кешенін гуманистік бағдарда адам тәрбиесіне жұмылдыру басты міндеті болып табылады.

Тарихқа көз жіберсек, ізгілік қасиет пен қарым-қатынас адамзат қоғамы дамуының және жалпыадамзаттық құндылықтың негізгі бастауы ретінде адаммен бірге дамып келеді. Бұл мәселе әр түрлі ғылым саласынан (философия, психология, педагогика, әлеуметтану және т.б.) зертелініп келгені айқын көрініс табады.

«Гуманизм» – латынның «humanus» - адамсүйгіштік, адам мен адамдық қасиеттерге құрметпен қарау дегенді білдіреді. Демек гумандық қасиетке адамзат бойындағы ізгі ниетті барлық ұнамды қылыштар жатады. Ол адамның ойы, көзқарасы, мінез-құлқы, іс-әрекеті, қарым-қатынасы арқылы көрініс табады.

Осыдан қоғам гуманистік центрациясы дамыған, гуманистік көзқарастағы мұғалімдерге мұқтаж екені айқындала түседі.

Сондықтан студенттердің оқу және кәсіби іс-әрекет мотивациясын, гуманистік центрациясын дамыту ерекшелігінің мазмұны жүйелі білімді қалыптастыруға бағдарланған, болашақ маманың теориялық білімдер мен практикалық дағдылар жүйесін менгеруіне, сол арқылы өзгермелі жағдайда бейімделуіне, практикада шешім қабылдаудына және оны жүзеге асыруына мүмкіндік туғызды.

Қорыта келгенде, зерттеуімізде негізге алынған аксиологиялық тұғыр адамды қоғамның ең маңызды құндылығы ретінде танып, оның рухани жан дүниесінің дамуына, көзқарастары мен тәжірибесінің, еңбектегі құндылықтарының жоғары деңгейде қалыптасуына жағдай жасауды көздейді. Өйткені, педагогикалық құбылыстарды аксиологиялық тұғыр контекстінде зерттеу бірқатар қызметтерді атқарады: гностикалық (жалпыадамзаттық құндылықтарды айқындау); бағдарлық (қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін құндылықтарды тандау); ақпараттық (маңызды құндылықтардың көптүрлілігіне бағдарлану); бағалаушылық (құндылықтар арасында иерархиялық аракатынасты құру); технологиялық (жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру жолдарын, әдістерін және құралдарын айқындау); интегративтік (жалпыадамзаттық құндылықтарды педагогикалық үдеріс пен тұлғалық талаптармен ұштастыру). Осы қызметтерді жүзеге асыру болашақ мұғалімдердің гуманистік центрациясын дамытудың ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді.

### Қолданылған әдебиеттер:

1. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсүі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Қазақстан халқына жолдауы. 2018 жылғы 5 қазан. [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).
2. Бердяев Н.А. О назначении человека. М.: ТЕРРА Книжный клуб; Республика, 1998.
3. Фромм Э. Психоанализ и этика. - М.: Республика, 1993. - 415с.
4. Пиаже Ж. Избранные психологические труды. Психология интеллекта; Генезис числа у ребенка; Логика и психология : пер. с фр. – М.: Просвещение, 1969. – 659с.
5. Орлов А.В. Самопознание и самовоспитание характера. -М., 1987. – 66с.

- .6. Белухин Д.А. Личностно ориентированная педагогика. М.: Московский психолого-социальный институт, 2005.
7. Левитан К.М. Основы педагогической деонтологии М., 1999.PDF created
8. Амонашвили Ш.А. Размышления о Гуманной Педагогике – М.: Издательский Дом Амонашвили, 2002. - 464 с.
9. <https://e-koncept.ru/2013/T3.htm>